

Тіркеуге түсетін құжаттардың есеп кітабын жүргізуге арналған Нұсқау

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігі директорының 1998 жылғы 1 маусымдағы N 87 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 5 карашада тіркелді. Тіркеу N 638. Күші жойылды - ҚР Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитеті төрағасының 2005 жылғы 17 мамырдағы N 196 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді кесімдерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө орындау үшін нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келтіру үшін, Бұйырамын:

1. "Тіркеуге түсетін құжаттардың есеп кітабын жүргізуге арналған Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігі директорының 1998 жылғы 1 маусымдағы N 87, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 638 болып тіркелген бұйрығының күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

2. Осы бұйрық оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

"1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2727 Заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын іске асыру үшін қолданылатын шаралар туралы" 1997 жылғы 20 ақпандағы N 236 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын жүзеге асыру үшін:

Тіркеуге түсетін құжаттардың есеп кітабын жүргізетін Нұсқауды бекітуді бұйырамын.

Директор

Қазақстан Республикасы
Әділет Министрлігінің
Жылжымайтын мүлікті және
заңды тұлғаларды тіркеу
жөніндегі Агенттігінің

д и р е к т о р ы н ы ң

1 9 9 8 жылғы 1 маусымдағы

№ 87 бұйрығымен бекітілген

Тіркеуге түсетін құжаттардың есеп кітабын

жүргізуге арналған

Нұсқау

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Нұсқау тіркеуге түсетін құжаттардың есеп кітабын (бұдан былай - Кітап) жүргізу тәртібін белгілейді.

1.2. Кітап Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі Агенттігінің Жылжымайтын мүлік бойынша Орталықтарында (бұдан былай - Жылжымайтын мүлік бойынша Орталық) Жылжымайтын мүлікке. Құқықтардың (Құқықтардың ауыртпашылықтан) болуын, өзгеруін немесе тоқтатылуын және онымен жасалған мәмілелерді, тіркеу үшін берілген өтініштерді есепке алу және олардың арасындағы артықшылықты белгілеу мақсатында пайдаланылады.

Тіркеуге келіп түсетін құжаттардың есебі электронды тасымалдаушыларда жүргізілуі мүмкін. < * >

Ескерту: Тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Әділет министрлігі тіркеу қызметі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 8 қарашадағы № 261 бұйрығымен

1.3. Тіркеуге берілген әрбір өтініш оның Кітапта тіркелген реттік нөмірімен бірдей нөмірге иеленеді.

Құжаттардың есебін электронды тасымалдаушыларда жүзеге асырған жағдайларда, өтініштерге және құжаттарға нөмірлер беру, олардың есебі осы Нұсқаулықпен белгіленген ережелер бойынша жүргізіледі. < * >

Ескерту: Тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Әділет министрлігі тіркеу қызметі комитеті Төрағасының 2000 жылғы 8 қарашадағы № 261 бұйрығымен

1.4. Өтініштердің нөмірлері бірізділікпен тізбектелген болу керек және Кітапқа қабылданған ретімен жазылу керек.

1.5. Өтінішке қосып берілген құжаттар өтініш нөмірінің негізінде Жылжымайтын мүлікке құқықтардың ауыртпашылықтарын пайда болуын өзгеруін немесе тоқтатылуын тіркеу үшін Жылжымайтын мүлік бойынша Орталыққа түскен өтініште көрсетілген құжаттың реттік нөмірін қосу арқылы жасалған нөмірге иеленеді. (Жылжымайтын мүлікке құқықтардың және онымен жасалған мәмілелердің тіркелуі жөніндегі құжаттардың нысандарын бекіту туралы 1997 жылғы 10 тамыздағы № 1 Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі Агенттігінің Бұйрығымен бекітілген өтініш нысандарын қараңыз).

1.6. Кітап келесі 10 графадан тұрады:

1 графа - "Өтініш N"

2 графа - "Жылжымайтын мүлік объектісінің түрі, кадастрлық нөмірі, орналасқан жері (адресі)";

3 графа - "Қабылдау күні мен уақыты, өтініштерді қабылдайтын қызметкердің қолы";

4 графа - "Құқық иесі /өтініш беруші";

5 графа - "Өтініш мазмұны";

6 графа - "Өтініш орындаудың жоспарлы күні";

7 графа - "Төлем құны";

8 графа - "Өтінішті орындау нәтижелері";

9 графа - "Берілген құжаттардың тізбесі";

10 графа - "Берілген күні, алушы, қолы".

1.7. Жылжымайтын мүлік бойынша Орталықтарда аумақтық сипаты бойынша одан көп Кітап бір уақытта жүргізіле алады.

Мұндай жағдайда белгілі бір аймақта ашылған Кітапта осы аймақта орналасқан Жылжымайтын мүлікке құқықтардың (құқықтардың ауыртпашылықтарын) пайда болуын, өзгеруін немесе тоқтатылуын тіркеу үшін түскен құжаттар есепке алынады.

1.8. Тіркеуге түскен құжаттар бір пунктте қабылданып, екінші пунктте беріліп, Кітапқа құжаттарды қабылдау және беру туралы жазуларды ендіруді қиындататын болса, Жылжымайтын мүлік бойынша Орталықтарында құжаттарды қабылдау және беру үшін бөлек Кітаптардың жүргізілулеріне б о л а д ы .

Бұл жағдайда құжаттарды қабылдау үшін пайдаланылатын Кітап осы Нұсқаудың 1.6. пунктінде көрсетілген Кітаптың 1-7 графаларынан ал құжаттарды беру үшін пайдаланылатын Кітап 1, 8-10 графаларынан тұратын болады. Өтінішке құжаттарды қабылдау үшін пайдаланылатын Кітап берілген нөмірі тұрақты болып табылады және де құжат берілгенде құжаттарды беру үшін пайдаланатын Кітапта 1 графада көрсетіледі.

1.9. Кітаптың беттері нөмірленуі керек, ал Кітап тігіліп оған Жылжымайтын мүлік бойынша Орталықтың мөрі қойылу керек.

1.10. Кітапты толтырғанда 1997 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі Агенттігінің Бұйрығымен бекітілген Құқық кадастрдың тіркеу қағазының қалыптастырылған нысанын толтыру жөніндегі уақытша нұсқаудың N 3 қосымшасында көрсетілген қысқартпаларды қолдануға б о л а д ы .

1.11. Кітапты жүргізгенде тазарту, қосымша жазу, сөздерді сызып тастау

және басқа да келісілмеген түзетулер болмауға тиіс.

Жазуларды енгізгенде жіберілген техникалық қателерді түзету қажеттілігі туса, сол күні мен осындай түзетулерді кіргізген қызметкердің деректемелері көрсетілу керек.

2. Толтыру тәртібі

2.1. 1 графада күнтізбелік жыл бойы өтініштер бойынша жазулардың нөмірленуі өтіп жатқан жыл көрсетіліп, бірізділікпен жүргізіледі. Әрбір жыл басында жазулардың нөмірленуі қайтадан басталады мысалы 98/111, мұндағы 98 -жылдың көрсетуі, 111-өтініштің реттік нөмірі.

Жылжымайтын мүлік бойынша Орталық осы Нұсқаудың 1.7. пунктінде көрсетілген жағдайларда екі және одан да көп Кітап жүргізілсе, әрбір Кітап өзіндік реттік нөміріне иеленіп, ол әрбір өтініштің нөмірінде жылды көрсеткеннен кейін жазылады мысалы, 98/1/111, мұндағы 98-жылды көрсетеді, 1-Кітап нөмірі, 111-өтініштің реттік нөмірі.

2.2. 2 графада Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 ақпандағы N 236 бекітілген жер учаскесінде орналасқан Жылжымайтын мүлік объектілеріне кадастрлық нөмірлерді беру жөніндегі Уақытша тәртіптің (бұдан былай - Уақытша беру тәртібі) 3 пунктiмен белгіленген Жылжымайтын мүлік объектілерінің сұрыптауына (классификациясына) сәйкес анықталатын Жылжымайтын мүлік түрі және оның "Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізу тәртібін бекіту туралы" 1996 жылғы 6 маусымдағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен белгіленген тәртіп бойынша жер учаскесіне берілетін кадастрлық нөмірі, ал бастапқы және кейінгі объектілер Уақытша беру тәртібі бойынша берілген кадастрлық нөмірі көрсетіледі. Мысалы: "ЗУ"-20:312:023:008, мұндағы "ЗУ"- жер учаскесі, 20:312:023:008- жер учаскесінің кадастрлық нөмірі; "ПО"- 20:312:023:008:1, мұндағы "БО" - бастапқы объект, 20:312:023:008:1- бастапқы объектінің кадастрлық нөмірі; "КО" 20:312:023:008:1:26 мұндағы "КО" - кейінгі объект, 20:312:023:008:1:26-кейінгі объектінің кадастрлық нөмірі.

Жылжымайтын мүлік объектісіне кадастрлық нөмір берілмеген жағдайда аталған графада, оның пошта мекен-жайы (адресі) жазылады. Егер Жылжымайтын мүлік уақытша кадастрлық нөмірге иеленсе, онда аталған графада Жылжымайтын мүлік объектісінің уақытша кадастрлық нөмірінен басқа да оның пошта мекен-жайы (адресі) да жазылады.

Жылжымайтын мүлік объектісі бөліну немесе қосылу арқылы пайда болған жағдайда құқығы тіркелетін (тіркелуге тиісті) Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық нөмірінен басқа жақшаның ішінде бөліну немесе қосылу арқылы Жылжымайтын мүлік объектісін құрған объектілердің кадастрлық нөмірлері көрсетіледі, мысалы, ЖУ-20:312:023:008 (ЖУ-20: 312:019:006, ЗУ- 20: 312: 019:

007), мұндағы КУ- 20:312: 019: 008- тіркелетін жер учаскесінің кадастрлық нөмірі, (ЖУ- 20:312:019:006, ЖУ- 20:312:019:007)-қосылу арқылы құрылған тіркелетін жер учаскесінің құрамындағы жер учаскелерінің кадастрлық нөмірлері

Бөтен жер учаскесін (жол, жүріс т.б.) шектеулі пайдалану құқығына жер сервитутын тіркегенде аталған графада басыңқы учаскесінің (соның құқық иесі сервитут құқығына иеленеді) кадастрлық нөмірі, ал жақша ішінде ауыртпалық түскен жер учаскесінің сервитут құқығының ауыртпалығы түскен нөмірі көрсетіледі, мысалы, ЖУ- 20:312:032:005 (Жу-20:312:032:006), мұндағы ЖУ-20:312:032:005 - басыңқы жер учаскесінің кадастрлық нөмірі, ЖУ-20:312:032:006) - ауыртпалық түскен жер учаскесінің кадастрлық нөмірі.

Мал айдау жолдарын бөтен үйде өмір бойы тұруға және басыңқы байланысты емес басқа да өзіндік сервитуттар құқығын тіркегенде аталған графада түскен Жылжымайтын мүлік объектісінің (Жылжымайтын мүлік объектісінің) ғана кадастрлық нөмірі (нөмірлері) көрсетіледі.

Егер құқықтарына сервитуттың (өзіндік, жер т.б.) ауыртпалығы түскен жылжымайтын мүлік объектілерінің саны бестен аспаса, аталған графада жақша ішінде ауыртпалығы бар барлық жер учаскелерінің кадастрлық нөмірлері көрсетіледі. Бұл ретте ауыртпалығы бар бірнеше жер учаскелерінің кадастрлық нөмірлерінің қайталанатын бөліктері "-II-" (қайталану белгісі) белгісіне ауыстырылуына болады, мысалы, _____

Өтініш | Жылжымайтын мүліктің түрі, | Қабылдау күні мен уақыты, өтініш
N | кадастрлық нөмірі орналас. | қабылдайтын қызметкердің қолы
| қан жері, (мекен-жайы) |

Ж У - (2 0 : 3 1 2 : 0 3 2 : 0 0 8
- II - : - II - : - II - : 0 0 5
- II - : - II - : - II - : 0 0 2
- II - : - II - : 0 2 4 : 0 0 9)

Құқықтарына сервитуттың (өзіндік, жер т.б.) ауыртпалығы түскен жылжымайтын мүлік объектілерінің саны бестен астам болған жағдайда аталған графада жақша ішінде олардың саны, ал қисық сызықшадан кейін объектілердің біреуінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі, мысалы, ЖУ-(6) 20:314:034:009), мұндағы 6-құқықтарына сервитуттың ауыртпашылығы түскен жылжымайтын мүлік объектілерінің саны, 20:314:034:009- сервитуттың ауыртпалығы түскен жер учаскелерінің кадастрлық нөмірлері құқық белгілеуші құжаттарда, өтініш нысандарында немесе басыңқы жер учаскесіне қатысты тіркеу қағазының 2.2.

бөлімшесіндегі жазулар бойынша белгіленеді.

Айырбастау шарты негізіндегі құқықтарды тіркегенде осы графада құқығы тіркелетін объектінің деректемелері және жақша ішінде тіркелетін объектке айырбасталған объектінің деректемелері көрсетіледі. Мысалы: 20:312:032:007 (20:312:018:009), мұндағы 20:312:032:007- тіркелетін жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық нөмірі, (20:312: 018:009)- тіркелетін объектке айырбасталған объектінің кадастрлық нөмірі.

2.3. 3-ші графада өтінішті қабылдау күні, сағаты, минуты, өтінішті қабылдаған қызметкердің аты-жөні және қолы қойылады.

2.4. 4-ші графаның алымында құқық иесінің аты-жөні, ал бөлгішінде өтініш берушінің аты-жөні, ал бөлгішінде өтініш берушінің аты-жөні және жақша ішінде оның статусы (төменде берілген кестеде толтыру үлгілері көрсетілген) к ө р с е т і л е д і .

Қабылдау күні мен уақыты	Құқық иесі Өтініш беруші	Өтініш мазмұны
--------------------------	-----------------------------	----------------

Абенов Марат Канатович
Абилов Канат Сакенович
(с а т у ш ы)

Иванов Петр Иванович
Сидоров Сергей Николаевич
(құқық иесінің өкілетті у ә к і л і)

Билялов Даулет Сакенович
Қойшиев Үсен Құбадинович
(сатушының өкілетті уәкілі)

"Континенталь" ЖШС
Сиров Иван Алексеевич
(б а с қ а р у ш ы)

Құқық иесі тіркеуге өтінішті өзі берсе, алымында оның деректемелері, ал бөлшегінде "-II-" (қайталану белгісі) қойылады, мысалы,

Билялов Даулет Сакенович

2.5. 5-ші графада тіркеу объектісінің түрі және жасалатын мәміленің түрі, немесе құқықтың (құқықтың ауыртпалығының) өзге пайда болу, өзгеру немесе тоқтатылу негізі көрсетіледі, мысалы, МҚ-өсиет бойынша мұралар, құқық иесінің фамилиясының өзгерілуі, жалға беру - тоқтатылу т.б.

2.6. 6-шы графада 10 күннен аспайтын мерзім есептелініп, тіркеу жасаланатын жоспарлы күні көрсетіледі. Тіркеудің өту мерзімі өтініштің тіркеуге қабылданған күнінен кейінгі күннен басталады.

Егер өту мерзімі жұмыс істемейтін күнге түссе келесі жұмыс күні өту мерзімнің басталуы болып саналады.

Мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге түссе, оның аяқталу күні болып келесі жұмыс күні болып есептеледі.

2.7. 7-ші графада жылжымайтын мүлікке және онымен жасалған мәмілелерге құқықтардың (құқықтардың ауыртпалықтарының) пайда болуын, өзгеруін, тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу үшін төлем көлемі туралы жазу енгізіледі.

Зандарға сәйкес тіркеу тегін жасалған жағдайда бұл графаға "тегін" деген ж а з у е н г і з і л е д і .

2.8. Тіркеу әрекеттері жасалып, тіркеу қағазына жазулар енгізілгеннен кейін 8 графаға "тіркелген" деген жазу енгізіледі.

Тіркеуге қабыл алынбаған жағдайда аталған графаға "қабыл алынбаған" деген ж а з у е н г і з і л е д і .

Құқықта даулайтын азаматтың арызы бойынша тіркеу уақытша тоқтатылған жағдайда аталған графаға "уақытша тоқтатылған" деген жазу енгізіліп, тіркеуді уақытша тоқтатуға негіз болған арыздың нөмірі көрсетіледі, мысалы, N 98/321 өтініштің негізінде уақытша тоқтатылған. Мерзім туралы және құқықты даулайтын азаматтың сотқа талап арызын бергені туралы жазулар Кітаптың аталған графасында сол азаматтың арызына қарсы көрсетіледі.

2.9. 9 графада өтініш берушіге берілген, соның ішінде қайтарылып берілген құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

2.10. 10 графада құжаттар берілген күні, айы және тіркеуші органнан құжаттарды алған азаматтың аты-жөні мен қолы қойылады.

3. Құжаттардың берілуі

3.1. Тіркелген құжаттар құқық иесі болып саналмайтын мәмілеге қатысушының өтініш бойынша жасалған тіркеуден басқа жағдайларда құқық иесіне (өкілетті уәкіліне) беріледі. Тіркеу (жалға беруші, сатушы, кепілдікке беруші т.б.) құқық иесі болып саналмайтын мәмілеге қатысушының өтініші негізінде жасалса, өтініш берушіге тіркеу белгісі бар құқық беруші құжат қана, қайтарылып беріледі. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік тек қана құқық иесіне

беріледі. Құқық иесі болып саналмайтын қатысушы мәмілені тіркегеннен кейін құқық иесі (сатып алушы, жалға беруші, кепіл ұстаушы т.б.) құқықты тіркеу үшін өтініш жасаған жағдайда қайтадан тіркеу жүргізілмейді. Құқық иесінің құқық белгілеуші құжаттарында тіркеу туралы штамп басылады және ол өтініш жасаған жағдайда мемлекеттік тіркеу жөнінде куәлік беріледі, мұндағы тіркеу күні ретінде құқық иесі болып саналмайтын мәмілеге қатысушы тіркеу жасаған күні есептеледі.

Тіркеуге түсетін құжаттардың есеп
кітабын жүргізетін нұсқауға 1 қосымша
Тіркеуге түсетін құжаттардың есеп кітабы

Өтініш N	Жылжымай. тын мүлік объекті. сінің тү. рі, када. стрлық нөмірі, орналас. қан жері (адресі)	Қабылдау күні мен ақыты, өтініш. теріді қабылда. ған қыз. меткер. дің қолы	Құқық иесі мазмұны күні	Өтініш. өтінішті	Төлем өтінішті	Беріл. ген нәтиже. лері сі	Бер іл ген кү. ні, алу шы, қо. лы		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10